

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ – 180

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Монография

Абай институтының еңбектері

24-кітап

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

А 24

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 5 мамыр 2025 жыл)

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдезұлы, Л.Ж. Мұсалы

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *Г. Пірәлі*
филология ғылымдарының докторы, профессор *З. Сейітжанов*

А 24 Адамзаттың Абайы: монография / Жауапты редакторы
Л.Ж. Мұсалы; құрастырған және баспаға дайындағандар:
Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжеқожаева. – Алматы:
Қазақ университеті, 2025. – 320 б.

ISBN 978-601-04-7235-8

Монографияда Абай Құнанбайұлының ілімі, шығармашылығы
туралы жаңа зерттеулер мен ғылыми пайымдаулар жинақталған.

Монография ғылыми көпшілікке, абайтанушыларға, абайтану
саласында ізденіп жүрген жас ғалымдар мен зерттеушілерге арналған

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-04-7235-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2025

© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2025

Гүлжан ЫБЫРАЙҚЫЗЫ

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН МЕН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Абай мұрасының нәр алған бастау көзін Мұхтар Әуезов үш арнаға бөледі.

«Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне рухани дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы.

Абайдың ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы.

Үшінші арна – орыс мәдениеті, Европа мәдениеті.

Мәдениеттің бұл үш саласын өзінің творчестволық ісіне пайдаланғанда, Абай оларға тек еліктеп қана қойған жоқ. Ол өзінің сүйегіне біткен қасиеті, дарындылығы, тілге бай, көркем сөзге шеберлігі арқасында өткен дәуірдің әрбір шығармасына сын көзімен қарап, ең жақсыларын ғана іріктеп алды, өзінің идеялық-көркем шығармаларын, поэзиясын осылармен байыта отырып, оған жаңа түр, жаңа мазмұн берді» [1, 227-228 беттер], – деп мәдениеттің бұл үш түрі Абайға рухани азық болып, ой-өрісін кеңейтіп, дүниеге көз-қарасын өзгерткенін айтады.

Абайдың рухани жетілген даналық іліміне негіз болған шығыс мәдениетіне үңілгенде өзі медет сұраған сегіз ақыннан өзге әл-Фараби, Ибн Сина, Яссауи, М. Қашқари шығар-

маларының қатарында Жүсіп Баласағұнның да «Құтты білік» дастаны тұрғанын іргелі зерттеулерден білеміз.

Абай мұрасы мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы рухани таным байланысын М. Әуезов, Х. Сүйіншәлиев, М. Мырзахметов, Ә. Қоңыратбаев, А. Қыраубаева, Ж. Дәдебаев, А. Ісімақова өз еңбектерінде айтып өтеді.

Абайтанушы ғалым М. Мырзахметов Абайдың он жетінші, отыз сегізінші қара сөздері мен «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдерінде айтылған басты ұғымдардың бәрі де Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» жауанмәртлік (ерсиг немесе ақы) жайлы пікірлер желісімен сабақтасатыны туралы тұжырымдайды [2, 190].

Біз де мақаламызда Абай мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы ортақ идеялық, рухани сабақтастық мәнге қатысты зерттеулерді қуаттай отырып, қос ойшылдың білім, ғылым, адами ізгі қасиеттер туралы даналық іліміне зер саламыз.

Жүсіп Баласағұн мен Абай шығармаларының тоғысар арнасы – кісілік кемелдік, адамгершілік жағынан толығу, жетілу деп білеміз. Қос ойшылдың шығармаларында үйлесім тапқан әділет, білім мен ғылым, ақыл, кісілік, ізгілік, даналық ілімі, қанағатшыл болу мәселелері туралы түйіндері бүгінгі күні де өзектілігін жоймай, маңызы артып келеді. Екі ғұламаның да дүниетанымдық көзқарасы, шығармаларының мән-мағынасы адамның көкірегіне сәуле түсіретін білім мен білікті ойды игеруді насихаттайды. Әсіресе қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің қайнар көзі саналады.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанының кіріспе бөлімінде: «Кітап атын Құтадғу білік қойдым, Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» [3, 350 бәйіт], – деп, бұл шығарма оқушының ой білігіне құт беретінін айтып өтеді. Ал құт-береке адам өзінің қалыбына (жүрек) үңіліп, адами қасиетін жетілдіргенде, өз-өзіне есеп беріп, әрбір ісіне мән бергенде,

кісілігін түзегенде орнайды дейді. Ғұламаның: «Адамдыққа сен де жаса адамдық, Кісіліктің жолы солай қаланбақ!» [3, 2309 бәйіт], «Өзіңді бақ, қиялыңа алданба, Өз тегіңді білмеу қорлық жалғанда» [3, 1462 бәйіт], – деген ойынан адам өзінің қайдан келгенін, адам атты тегін біліп, өзін-өзі қорғауы, адамдық қалыбынан айнымауы керек екенін түсінеміз.

Абай да «Лай суға май бітбес қой өткенге» өлеңінде:

Өмір жолы – тар соқпақ бір иген жақ,
Иілтіп екі жағын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ, [4, 118 б.] –

деп, «тиянағы жоқ» «тар соқпақ» өмір жолынан тайғанап, қапы қалмай, адам деген атына тиянақты, ықтиятты болу керек екенін айтады.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасының алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы тарауларында адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен өлшенетіні туралы ой толғап, білімді барлық құндылықтан жоғары қояды, білім мен ізгі қасиетті байланыстырады. Адамды хайуаннан ажырататын білімі мен білікті ойы екенін ескертеді. Тәлім-тәрбие де білім мен ақыл арқылы жетілетінін жалықпай қайталайды. «Ақыл – шырақ қара түнді ашатын, Білім – жарық саған нұрын шашатын», «Ақыл қолдап біліммен ер жетілер, Екеуімен қадірі артып бекінер» [3, 288-289 бәйіт], – деп білімнің мәнін түсінген адамға құтты білік келетінін, қадірі асатынын, ісі оңынан туып, мақсат-мұраты анық болатынын жеткізеді. Сондықтан «күллі ісінді ақылмен баптап, білім мен ілім ізденуге арна» [3, 162-бәйіт], – дейді. Даналардың сөзіне сүйене отырып: «Күнәһар да тамұқтан білімімен құтылады» [3, 292-бәйіт], – деп адам ақылын білім мен ілімге баптағанда ғана қылған ісі орынды болатынын, құдайға құлшылық етудің негізі де білімде еке-

нін түсіндіреді. Абай да ақыл, білім мен ғылымды адам өмірінің басты құндылығы деп біледі. Мұндай ой үндестігін біз Абайдың: «Ғылымсыз ахирет те жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», – деген оныншы қара сөзімен байланыстырамыз. Демек, барлық жаратылыстың негізі ғылымда деп ұғамыз.

«Адамды хақ жаратты да ескерді, Оған ақыл, білім, өнер, ес берді» [3, 149-бәйіт], «Жаратты адамды Алла керек етіп, ой, білім, ақыл берді зерек етіп» [3, 144-бәйіт], – деп Жүсіп Баласағұн адам баласы ақыл иесі екенін, басқа жаратылыс иесінен ақылымен ерекшеленетінін атап өтеді. Оның пікірінше, Хақ тағала адамға түр-келбет, ұят беріп, құлық беріп қадірлі етті. Білім арқылы дүние сырын ұғындырды. Құдай кімге ақыл мен білім берсе, ақылы мен білімін, өнерін есті адам орынды іске пайдаланатыны туралы пайымдайды [3, 148-151 бәйіттер]. «Кімге Алла ақыл-ой мен білім берер, Ізгі іске соның қолын іліктірер» [3, 147-бәйіт], – дейді. Алла адам болмысын махаббатпен жаратып, ақылмен ойлай алатын қабілет бергенде адам да ақылын құрал етіп, ізгі іске қайрат қылады. Алайда адам ақылы, білімі бола тұра кейде әділет пен ынсапты ұмытады.

Сондықтан ғұлама ойшыл:

«Ақыл керек ерге жаһан бастауға,
Ақыл, жүрек керек елді ұстауға» [3, 218-бәйіт],

Тура жүріп, бол ұстамды пішінде,
Бар қуаныш – әділдіктің ішінде [3, 1274-бәйіт], –

деп адамның ақылы, ізгі ісі, ұстамдылығы жүректен, әділеттен нәр алатынын айтады. Ұстамдылық Абай айтатын суық ақылға, қайраттан шығатын тоқтаулылыққа, шыдамдылыққа негізделеді.

Жүсіп Баласағұн:

Құр көзден көңіл болмай пайда жоқ-ты,
Қу жүрек ақыл жоқта босқа соқты [3, 1956-бәйіт], –

деп жүрекке тән ынсап, әділет, ұят, рақым, мейірбаншылық ақылдан қуат алатынын, ал ақылға да жүрек төреші болмаса жүрексіз құр көңіл көзі – ақылдан пайда болмайтынын айтады.

«Махаббат – әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселербірлән» өлшенеді. «Жүректің ақыл суаты, ақыл – ар-ұяттың күзетшісі» болғанда ақылдан азық алған жүрекке тән қасиеттер адамды хайуаннан ажыратады. Ақылға сәуле түскенде жүректің көзі ашылады.

Абай жиырма жетінші қара сөзінде Сократтың Аристотельге айтқан сөзін келтіреді: «... һәмма мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын һәм осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап, тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке мүлде жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара». Алла өзі жасаған денеге «ғажайып ақылды» кіргізіп, «салахият» – қабілет иесі еткенде адам ақылы білім, ғылым арқылы толысады. Біліммен толысқан «нұрлы ақыл» жүректі кірлетпейді.

Жүсіп Баласағұн айтқан білікті ой мен Абайдың терең ой, ақыл туралы көзқарасын саралағанда адам болмысын қалыптастырудың тиімді тетігін аңғарамыз.

«Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті» [3, 332-бәйіт],

«Білім күтпе қызба адамнан, тасырдан,
Ашулы адам адасады ақылдан» [3, 334-бәйіт]

«Қызбалық – сұм, ақыл-естен тандырап,
Жайсаң ерді ашу қапы қалдырап» [3, 335-бәйіт]

«Ерге керек төзімділік күш-қайрат,
Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап» [3, 325-бәйіт]

«Білікті болсаң төрден орын аларсын
Білімді болсаң түзу берік адамсын» [3, 325-бәйіт].

Жүсіп Баласағұн білім мен білік адамға қорған екені, білімі мен білігін толықтырған адамның мінез-құлығы түзу, берік болатыны, жақсылыққа жетелейтіні туралы пайымдайды. Абай да отыз екінші қара сөзінде ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты барын айтады. Ақылды сақтау үшін мінездің беріктігі, қайраты болуы керек. Ал мінездің беріктігі бұзылғанда оқып-үйренудің, білімнің пайдасы жоқ дейді [5, 110-бет]. Сондай-ақ Абай: «Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын», – деп ескертеді. «Жомарттық һәм салмақтылық қажет» дегенде Жүсіп Баласағұн жомарттыққа да өлшемін білетін білім, салмақты мінез, таразылай алатын ақыл-ой керек екенін айтып отыр. Өлшемін білмесе, Абай айтқан бес жаман істің қатарындағы бекер мал шашпаққа әкеледі. Яғни жомарт болудың орта шамасын білу керек. Абай қырық үшінші сөзінде: «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс», – дейді. Орта шамаға жете алмаса, сараң болады, асып кетсе, бекер мал шашады. «Ал іс-әрекеттің, мінез-құлыққа тән қасиеттің шеткі екі шегін, бұл екі шектің орта шамасын білу оның қиыр екі шегінің де, орта шамасының да мәнін танып-білуге негіз болады» [6, 100-бет], – дейді әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаев. Яғни олар: «сарандық – жомарттық – бекер мал шашпақ» [6, 105-бет]. Адам екі шеттің біріне ауып кетпес үшін Абай айтқандай өзін-өзі күзету керек.

Жүсіп Баласағұн шығармалары білім іздеу, даналықты бойына сіңіру адам болып қалыптасудың алғышарты екенін түсінеміз. «Қанша білсең ізден тағы, тағы да, Білікті адам жетер тілек бағына» [3, 6607 бәйіт], – дей келе біліктің түпсіз, шексіз теңіз сияқты, қанша сімірсең де сарқылмайтынын айтып [3, 6609 бәйіт], көп білуге ұмтылу керек екенін, білікті адам басын алып жүретінін айтады [3, 6610 бәйіт]. Абай да артық білуге талап қыл дей отырып, талаптың мақсатын айқындап алуды, талап ізгілікке бағытталғанда ғана адам талпынған ісінен игілік көретінін жеткізеді. Абай үшін адамның ең жаманы – талапсыз адам. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық».

Жүсіп Баласағұн білікті мен біліксіз, надан адамның іс-әрекеті қандай болатынын сипаттай отырып, даналыққа жету жолында білім мен білікті игеруді нұсқайды. Біліммен адам төрге жылжиды, түзу адам болып өседі дейді. Білік үйреніп, биіктеп, адам бол дейді, әйтпесе хайуаннан айырмашылығы болмайтынын, «мал атанған надан болатынын» [3, 6607 бәйіт] ескертеді. Білікті бір ойдан, тағы бір ой қозғап ізденеді, ал біліксіз құр ыржақтаудан жаңылмайды [3, 6613 бәйіт], арандап, басын оққа тігеді дейді. Сондай-ақ білікті адам қайғы кешсе, ойы жетектеп, ақылмен іс қылатынын, тау ешкідей секектеп кетпейтінін айтады [3, 6613 бәйіт], «Есті адамның қылығы шымыр, тегіс, істі жете танып, сабырмен, асықпай шешеді» [3, 1867-1868 бәйіттер].

Абайдың да:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән
Тереңге бет қоймаса [4, 138 б.], –

деген өлең жолынан адам ақылымен тереңге бойлағанда ғана өмірінің мәні мен тіршілігінің сәні үйлесетінін, олай болмағанда тек тән құмарынан аса алмайтын хайуаннан айырмашылығы болмайтынын түсінеміз. Сондай-ақ Абай: «Надандық – білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады», – дейді. Білікті мен біліксізге сәйкес ұғым – есті адам мен есер адамның қарекеті. Есті адам ізгі іске ұмтылып, соны іздейді, «есі шықпай, ақылды қолдан жібермей», мінез-құлығын жетілдіру арқылы пайдалы, ақылға қонымды өлшемге сай әрекет етеді. «Есер кісі ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен» [5, 98-бет].

Түрік ойшылы Жүсіп: «Барлық істе әрдайым бол ұстамды» [3, 323-бәйіт], – дейді.

Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп ақылдыны таптаған [3,199 бәйіт].

(Жау болды да біліктіге білімсіз,
Қастық қылды білімдіге білімсіз!) [3, 201 бәйіт].

Кісіден кісі айырмасы парқы көп,
Айтсам білім – бұл парықтың нарқы дөп [3, 202 бәйіт], –

деп кісіден кісінің айырмасы білімінде екенін, білімсіз, біліксіз қаптаған көпті ақылсыз санайды. Халық даналығында «Көптің күші көлдей» деген нақыл бар. Бір білімдінің көпке төтеп беруі екі талай. Абайда да көптің кейпі – ақылсыз, надан. Отыз жетінші қара сөзінде Абай: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп. Ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» [5,112 б.], – дейді. Себебі Абай үшін «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын

да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі» [5, 128 б.]. Адамды Алла махаббатпен жаратып, барлығын бірдей сүю керек болғанда оның ішінде көп те бар. Сондықтан «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде:

Мазлұмға жаның ашып ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңрі ойлаған
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
«Ғадәләт пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсең болып бақ соған көмек» [4, 128-129 б.], –

деп ырыққа көнбейтін көпті махаббатпен ебін тауып, жөнге салып, көмектесу керек дейді. 14-қара сөзінде де: «Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» [5, 97 б.], – деп, Абай «ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақтан тұл бойы жиіркенсе де» «түбін ойлап, уайым жеп», арсыз, надан, көп шуылдаққа жаны ашып, оларға махаббат ойлады. «Бірінен бірі бөлек пе, Иемнің әділ пендесі», – деп, «Иесі сүйгенді» Абай да сүйді.

Жүсіп Баласағұн:

Жүректілер жүрексізді басқарар,
Барлық қорқақ содан үлгі ап қасқарар [3, 2010 бәйіт],

Қол бастаса жүректі адам ұтады,
Жүрегі жоқ оны өнеге тұтады, –

дейді.

Жүректен әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық шығады. Демек, бойында осы келтірген қасиеті бар басшы-

дан бойында қайраты жоқ барлық надан үлгі алып, «қасқарады» – шындалады.

«Бек мінезі ізгі болса жөнді әділ,
Қара халық осы жолдан танбайды» [3, 2079 бәйіт].

Жүсіп Баласағұнның «қара халық» деп отырғаны – біліксіз, зияткерлігі жоқ көп. Басшысы әділ болғанда ғана көп тобыр ізгі жолдан жаңылмайды.

Бұл бектікке асыл текті ер керек,
Күшті, батыл, епті, қайсар, ержүрек [3, 1949 бәйіт], –

деп Жүсіп Баласағұн басшыға қайсар мінез, батылдық, жүректің беріктігі мен күш-қайрат керек екенін айтады.

Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде:

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек [4, 11-12 б.], –

дейді. Ақылды адам әр нәрсенің өлшемін біліп, таразылай алса, «көп айтса көнді, жұрт айтса болды, ойында көзі, бойында қайраты жоқ, күлкішіл кердең наданның сүйенгені – көп пен дүрмек». Абай: «Сөзімді ептеп айтсам да ұғар елім жоқ», – деп, «құлағын салмас көп наданнан» осылай түңіліп, қайғы ойлайды.

Қорыта келгенде, екі ойшыл да адамгершілік, ізгілік қасиеттердің, білім мен ғылымның, ақылдың, жүректің маңызын атап көрсетеді. Адалдыққа шақыра отырып, адам

болу қағидасын үйретеді. Қос ғұлама да ақыл мен жүректің ізгілікке негізделуін, даналық ой үлгісінің мәнін түсіндіреді.

Абай дүниетанымындағы рухани ой-тұжырымдар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында айтылған фило-софиялық-этикалық негіздермен, имандылық мәселелерімен сабақтасып, білімді болу, әділетті болу, ізгі мінез-құлық қалыптастыру, тұлғалық болмысты жетілдіру көзқарасымен үндеседі.

Екі ақынның да шығармаларындағы айтылған адамгершілік туралы идеялар, адам болуға қажет қордалы құндылықтар қазақ қоғамы үшін өзекті болып қала береді.

Жүсіп Баласағұн:

«Сөзді тура, ащы, қатты сөйледім,
Түзу сөзді ұғар түзу ел дедім» [6620 бәйіт], –

деп елін түзу жолға салатын жол білім мен ақыл, мінездің беріктігі, қайраттылығы екенін айтады. Ақыл-есі бүтін адам түзу сөзге құлақ салады. Түзу адамнан ешкім түңілмейді.

Абай да: «Берірек түзу жолға шық қамалмай», – деп, келешек ұрпағы үшін «көрген-білгенін әділет пен ақылға сынатып, солардың сөйле дегенін улы сия ащы тілмен» жеткізеді. «Сөзімді тасыр ұқпас, талапты ұғар», – деп, «көңілінің көзі ашық», талапты ұрпағына адам болудың жолын нұсқап, «үлгі жазып» қалдырады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абайтану мәселелері. Мақалалар // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XII том / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302 б.
2. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXI том. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. Абай және Әуезов /

жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 406 б.

3. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түрік тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет. (Әдеби жәдігерлер)

4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б.

5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; жауапты ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.

6. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. Монография. – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Түймебаев Ж. Адамзаттың Абайы.....	5
1 Абайды таныту – борышымыз	5
2 «Абайтану антологиясы» – абайтану тарихындағы зор жетістік.....	11
3 Абай ілімі	14
Түрікпенұлы Ж. Абай шығармаларының зерттелуі	17
Академик Төлеген Тәжібайұлының Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан зерттеуі	17
Дәдебаев Ж. Абай және ислам мәдениеті.....	21
Ысқақұлы Д. Данышпан акын	56
Әбдезұлы Қ. Абай және қазақ әдебиетіндегі дастандық дәстүр.....	97
Мәдібай Қ. Абай мектебі.....	114
Есембеков Т. Абай поэзиясындағы этномәдени ақпаратты аудару тәжірибесі	133
Тұрысбек Р. Адамдық һәм адамзаттық құндылықтар мәні.....	150
Хакім Абайдың «Қара сөздер» қазынасын қайта оқығанда.....	150
Жеменей И. 1 Сағди мен Абай	173
Абай және шығыс.....	173
2 Сағди мен Абай өмірінің жолайрығы	178
Тарақов Ә. Абайдың И. Крылов мысалдарын аударудағы ізденістері	186
Құлбарақ С. «Керек іс бозбалаға – талаптылық...»	216
Мәуленов А. Абай дүниетанымы мәселесіндегі түркілік, шығыстық және исламияттық рухани сабақтастық.....	229
Мұсалы Л. «Ішкі – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы»	243
Даутова Б. Абай поэзиясындағы уақыт пен кеңістік ұғымының маңыздылығы.....	252
Ыбырайқызы Г. Жүсіп Баласағұн мен Абай Құнанбайұлы дүниетанымындағы сабақтастық.....	270
Абай институтының соны еңбектері.....	282
Байлиева Ұ. Өлеуметтік маңызы зор кітап.....	282
Кенжеқожаева А. 1 Танымдық мәні зор еңбек.....	288

2 Шығармашылық психологиясы туралы бағалы зерттеу.....	294
3 Тарихи деректер негізінде жүйеленген құнды пайымдаулар.....	302
Қорытынды.....	314
Авторлар туралы мәлімет.....	316

Ғылыми басылым

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Монография

Абай институтының еңбектері
24-кітап

Басуға 11.06.2025 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 20 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды